

**Балқаш қаласы және әкімшілік-аумақтық іргелес кенттердің тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010 жылғы 30 шілдедегі N 32/259 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 10 қыркүйекте N 8-4-194 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2011 жылғы 21 қарашадағы N 53/404 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2011.11.21 N 53/404 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы", 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" N 710, 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" N 512, 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" N 2314 қаулыларына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. 1 қосымшаға сәйкес қалалық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. 2 қосымшаға сәйкес Балқаш қаласы және әкімшілік-аумақтық іргелес кенттердің тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, заңдылық және азамат құқығы, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін ( Б а й м а ғ а н б е т о в Е . К . ) .

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Сессия төрағасы*

*А. Тунгишбаев*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*И. Сторожко*

**КЕЛІСІЛДІ**

Қала әкімі

Тейлянов К.Г.

30.07.2010 ж.

Қаржы бөлімінің бастығы

Томпиева Ж.К.

30.07.2010 ж.

Жұмыспен қамту және  
элеуметтік бағдарламалар  
бөлімі бастығының  
Кондубаева А.Б.

міндетін атқарушы

30.07.2010 ж.

Балқаш

қалалық

мәслихаттың

2010

жылғы

30 шілдедегі

N

32/259

шешіміне

1 қосымша

### Қалалық мәслихаттың күші жойылған шешімдерінің тізімі

1. Қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 29 қарашадағы N 37/352 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларын беру Қағидаларын бекіту туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-4-52 болып тіркелген, 2006 жылғы 22 желтоқсандағы N 104 "Балқаш өңірі" газетінде, 2006 жылғы 22 желтоқсандағы N 90-91 "Северное Прибалхашье" газетінде жарияланған).

2. Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 27 маусымдағы N 44/430 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидаларын бекіту туралы" қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 29 қарашадағы N 37/352 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-4-79 болып тіркелген, 2007 жылғы 20 шілдедегі N 60 "Балқаш өңірі" газетінде, 2007 жылғы 20 шілдедегі N 79-80 "Северное Прибалхашье" газетінде жарияланған).

3. Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 4/40 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидаларын бекіту туралы" қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 29 қарашадағы N 37/352 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-4-94 болып тіркелген, 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 7 "Балқаш өңірі" газетінде, 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 10-11 "Северное Прибалхашье" газетінде жарияланған).

4. Қалалық мәслихаттың 2009 жылғы 11 қарашадағы N 24/181 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерді және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларын беру Қағидаларын бекіту туралы" қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 29 қарашадағы N 37/352 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-4-158 болып тіркелген, 2009 жылғы 18 желтоқсандағы N 149-150 "Балқаш өңірі" газетінде, 2009 жылғы 18 желтоқсандағы N 148-149 "Северное Прибалхашье" газетінде жарияланған).

Б а л қ а ш			қ а л а л ы қ	
м ә с л и х а т ы н ы ң		2 0 1 0	ж ы л ғ ы	
3 0	ш і л д е д е г і	N	3 2 / 2 5 9	ш е ш і м і м е н
б е к і т і л г е н				

### **Балқаш қаласы және әкімшілік-аумақтық іргелес кенттердің тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 2, 41-2, 97 баптарына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Заңының 36 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі " Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" N 710 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" N 512 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" N 2314 қаулысына сәйкес әзірленді және Балқаш қаласының және әкімшілік-аумақтық іргелес кенттердің аз қамтылған отбасыларына ( азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі мен берілетін мөлшерін а н ы қ т а й д ы .

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010.12.24 N 39/303 (ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы комиссия - тұрғын үй көмегін тағайындау (немесе бас тарту) мәселелері бойынша даулы, қалыпсыз немесе ерекше жағдайларды қарайтын, уәкілетті органның жанындағы комиссия;

2) кондоминиум - үй-жай азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттің дара (бөлек) меншігінде болатын, ал ортақ мүлік оларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болатын жағдайда, жылжымайтын мүлікке меншіктің нысаны ;

3) кондоминиум объектісін басқару органы - кондоминиум объектісін күтіп-ұстау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күнделікті күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар - кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күнделікті пайдалануға және жөндеуге жұмсалатын шығыстарға, тұрғын үй (пәтер) иелерінің жалпы жиналыс шешімімен белгіленген, міндетті төлемдердің сомасы;

5) кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу – қажет болған жағдайда құрылымдық элементтер мен инженерлік жабдықтау жүйелерін ауыстыра отырып, ғимараттың (объектінің) негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің өзгерістерімен байланысты емес физикалық және сапалық тозуды жоюға қатысты құрылыс және ұйымдастыру-техникалық іс-шараларының к е ш е н і ;

6) коммуналдық қызметтер - тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды (оның ішінде қатты отын), қоқысты әкету мен лифт қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;

7) отбасы – заңнамада белгіленген тәртіппен бір мекен-жай бойынша бірге тұратын және тіркелген, некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы;

8) отбасының жиынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берілген тоқсанның алдындағы тоқсандағы отбасының алған табысының жалпы с о м а с ы ;

9) өтініш беруші (жеке тұлға) – тұрғын үй көмегін тағайындау үшін өз атынан немесе отбасы атынан өтініш берген тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші);

10) тұрғын үй көмегі – отбасыларға (азаматтарға) мынадай шығындардың сомаларын төлеу бойынша жартылай орнын толтыру үшін берілетін жәрдемақы:

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күнделікті ұстау мен күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға ;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары ) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға ;

байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғайту бөлігінде байланыс қызметтеріне ақы төлеуге беріледі ;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына.

11) тұрғын үй көмегін беру жөніндегі уәкілетті орган – қаланың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - уәкілетті орган);

12) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғайту бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күнделікті күтіп-ұстау мен күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға отбасының бір айда жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы ;

13) шот - жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін төлеуге, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күнделікті күтіп-ұстау мен күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға жұмсалған шығыстарының төлеу құжаты (түбіртек, хабарлама, анықтама), ол қызметтермен жабдықтаушы электрондық жеткізгіште немесе өтініш беруші тұрғын үй көмегі тағайындалған кезеңде қағаз жеткізгіште тапсырлады.

2. Отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі қызметтермен жабдықтаушы ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі.

3. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған Балқаш қаласында және әкімшілік-аумақтық қосылған кенттердің тұрақты тұратын отбасыларға (азаматтарға), осы тұрғын үйде тіркелген, оның меншік иесі немесе жалдаушысы (қосымша жалдаушысы) болып табылатын, егер кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күнделікті күтіп-ұстау мен күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға және коммуналдық қызметтерін төлеу, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына жумсалатын шығындары, өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілген, тұрғын үй ауданы нормасының шегінде болса, бірақ осы мақсаттарға жұмсалатын шығындардың мүмкіндік шегі деңгейінен асатын отбасы бюджетіндегі, кондоминиум объектісінің күнделікті күтіп-ұстау мен ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді пайдалануға, тұрғын үйді жалға алу ақысын төлеуге сонымен қоса, телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы шығындарының нормативтері және нақты қолданыстағы жалпы ауданнан артпайтын болса беріледі.

Жалпы сома есебімен жоғарыда аталған мақсаттарды төлеуге шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының жиынтық табысына 8 пайыз мөлшерде белгіленеді және осы мөлшер аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) көмек көрсету үшін белгі болып табылады.

**Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010.12.24 N 39/303 (ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсету нормативтерін анықтау**

4. Уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін тағайындауында келесі нормалар е с е п к е а л ы н а д ы :

1) өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілген тұрғын үй ауданының нормасы бір адамға, тұрғын үй заңнамасымен белгіленген, тұрғын үй беру нормасына баламалы және көп бөлмелі пәтерлерде (тұрғын үй-жайларда) тұратын әр мүшесіне 18 шаршы метрді құрайды, бір бөлмелі пәтерде (тұрғын үй-жайда) тұратындар үшін – пәтердің жалпы көлемі. Көп бөлмелі пәтерлерде (тұрғын үй-жайларда) жалғыз тұратын азаматтар үшін ауданның әлеуметтік нормасы 30 шаршы метрді құрайды;

2) коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары: газдың тұтыну нақты шығындар бойынша, бірақ мынадан артық болмауы т и і с :

газ плитасымен жабдықталған үйлерде, орталықтандырылған ыстық су болған жағдайда - айына бір адамға 8 килограмм;

газ плитасымен жабдықталған үйлерде, орталықтандырылған ыстық су болмаған жағдайда - айына бір адамға 10 килограмм.

Баллон газы екі қабаттан аспаған тұрғын ғимараттын пәтерлерінде есепке алынады .

Қ а т т ы о т ы н д ы т ұ т ы н у :  
1 шаршы метр алаңды жылытуға:

1985 жылға дейін салынған тұрғын ғимараттар үшін: 1-2 қабатты үйлер - 161 килограмм, 3-4 қабатты үйлер – 98 килограмм (жылу беру мерзімі 7 айға есептегенде) ;

1985 жылдан кейін салынған тұрғын ғимараттар үшін: 1-2 қабатты үйлер - 125 килограмм, 3-4 қабатты үйлер – 72 килограмм (жылу беру мерзімі 7 айға есептегенде) .

Тұрғын үй көмегін есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы Балқаш қаласында қалыптасқан көмір бағасы қолданылады ;

отбасына электр қуатын тұтыну нақты шығындар бойынша, бірақ мынадан артық болмауы тиіс :

газ плитасымен жабдықталған үйлерде - 150 киловатт;  
электр плитасымен жабдықталған үйлерде – 250 киловатт.

3) суық суды, кәрізді, ыстық суды, қоқыс төккішті, кондоминиум объектісінің күнделікті күтіп-ұстау мен ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға жумсалған шығындарды тұтыну нормалары, басқару нысанына байланыссыз (пәтер иелерінің кооперативі , өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері және әрі қарай, басқарудың заңды үлгісін рәсімдегендер), қызмет жабдықтаушылармен немесе тарифтерді бекітетін органмен бекіткен тарифтердің негізінде белгіленеді.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген кезектілігі жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісіліп, үй пәтерлердің меншік иелерінің жалпы жиналысындағы шешімімен анықталады .

5. Кондоминиум объектісінің күнделікті күтіп-ұстау мен ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға және коммуналдық қызметтерді тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына жумсалатын шығындары белгіленген мөлшерден жоғары тұтыну төлемі жалпы негізде жүргізіледі.

6. Телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік

қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуының сомасы Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіпте өтемақы белгіленеді.

### **3. Тұрғын үй көмегінің тағайындау және төлеу тәртібі**

7. Тұрғын үй көмегі уәкілетті органмен тұрғылықты мекенжайы бойынша жеке тұлғаларға тағайындалады.

8. Жеке меншігінде бір бірлігінен (үлестен) артық тұрғын жайы бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үй-жайларын жалдауға (жалға алу) немесе қосымша жалдауға беретін отбасыларының тұрғын үй көмегін алу құқықтары жоқ.

9. Тұрғын үйде бірнеше меншік иесі тұрған жағдайда, тұрғын үй көмегін тағайындау отбасы құрамындағы басқа меншік иелерін есепке алып ұсынылған өтініштің себептері бойынша бір ғана тұлғаға жүргізіледі.

10. Тұрғын үй көмегін алу құқығын анықтау кезінде басқа қалада уақытша тұратындығы тиісті құжатпен куәландырылған отбасының мүшесі есепке алынбайды.

11. Күтімге мұқтаж деп танылған, сексен жастан асқан адамдарға және мүгедектерге күтім жасайтын, немесе жеті жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен (біреу және одан да көп), сондай-ақ кіші баланың бірінші сыныпты аяқтауына дейін төрт және одан да көп балаларды тәрбиелеумен айналысатын (бірақ тоғыз жастан аспайтын) азаматтарды, кіші бала сегіз жасқа толғанға дейін балаларға және өзіне арналған асыраушысынан айрылғандығы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды есепке алмағанда, отбасылардың, егер оларда, жұмыс істемейтін, оқудың күндізгі нысаны бойынша оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелмеген және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы болып табылмайтын еңбекке қабілетті адамдар бар болса тұрғын үй көмегін алуға құқығы жоқ.

12. Жұмыс істемейтін және уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмеген, N 1 және N 2 тізім бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатын адамдарға тұрғын үй көмегі көрсетілмейді.

13. Құлықсыз өмір салтын ұстанатын, алкогольге немесе есірткіге тәуелді жұмыс істемейтін отбасы мүшелерімен сонымен қоса, 18 жасқа толмаған адамдармен бірге тұратын және пәтерлердің меншік иесі болып табылатын зейнеткерлер мен мүгедектерге тұрғын үй ауданының нормасы (18 шаршы метр) және бір адам үшін коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері шегінде тұрғын үй көмегі беріледі.

14. Жанжалды немесе қалыпсыз жағдайлар пайда болған кезде, тұрғын үй көмегін тағайындау мәселесі сот тәртібімен шешілуі мүмкін.



15. Кондоминиум объектісінің күнделікті күтіп-ұстау мен ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтыну және жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына жумсалатын шығындары үшін нақты есептелген сома туралы мәліметтер уәкілетті органның сұранымы бойынша қызмет көрсетушілермен қағаз немесе электрондық тасығыштарда, не жеке тұлғалармен қағаз т а с ы ғ ы ш т а р д а б е р і л е д і .

16. Тұрғын үй көмегінің төлемдері ақшалай немесе аударма түрінде уәкілетті органмен жүзеге асырылады. Аударма түрі – алушының жеке шотына ауыстырумен қызмет жеткізушінің, кондоминиум объектісін басқару органдарының есептерінен есептелген жәрдем ақшаны аудару жолы.

Тұрғын үй көмегін коммуналдық қызметтерді жеткізушінің есептік шотына аударуға мүмкіндік болмаған жағдайда (кәсіпорынның таратылуы, қайта ұйымдастырылуы, банк реквизиттерінің өзгеруі, қатты отынға, телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне байланысты ақы төлеу), ол өтініш иесіне қызмет көрсететін басқа жеткізушілердің арасында үлестіріледі немесе ақшалай төленеді. Ақшалай түрі екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларын жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдар арқылы азаматтардың жеке есепшоттарына аудару жолымен ақшалай төлемдер түрінде белгіленеді.

17. Тұрғын үй көмегі төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

#### **4. Тұрғын үй көмегін беру мерзімдері мен мерзімділігі**

18. Тұрғын үй көмегі тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді бере отырып, барлық қажетті құжаттармен өтініш берілген айдан бастап бір жылға тағайындалады.

19. Тұрғын үй көмегін алушылар он бес күннің ішінде тұрғын үй көмегін алу құқығына немесе мөлшеріне әсер ететін жағдайлар жөнінде уәкілетті органға х а б а р л а у ы қ а ж е т .

Өтемақының артық немесе кем тағайындалуына әкеп соқтырған әдейі жалған мәліметтерді өтініш берушімен берген үшін тұрғын үй көмегін төлеу тоқтатылады. Тұрғын үй көмегі түрінде заңсыз алынған сомалар ерікті түрде қайтарылуы тиіс, бас тартылған жағдайда – сот тәртібімен қайтарылады.

20. Кондоминиум объектісінің күнделікті күтіп-ұстау мен ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтыну, жалға алған тұрғын үйді

пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына және телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғайту бөлігінде байланыс қызметтеріне ақы төлеуге жумсалатын шығындарының ақысын төлеу отбасы шығындарының мүмкіндік шегіндегі деңгейі, сонымен қатар коммуналдық қызметтер тарифтері өзгерген жағдайда, тиісті өзгерістер болған сәттен бастап бұрын тағайындалған жәрдемақылардың қайта есептеуі жүргізіледі.

## **5. Өтініш білдіру және тұрғын үй көмегін есептеу тәртібі.**

21. Тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш беруші уәкілетті органға немесе тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына өтініш пен (1 қосымша) келесі құжаттарын тапсырады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 4) өтініш берушінің отбасы жағдайын анықтайтын құжаттың көшірмесі, жалғыздікті алпыс бес жастан асқан адамдарды қоспағанда, (неке туралы немесе некені бұзу туралы куәлік, қайтыс болу туралы куәлік, мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органның анықтамасы);
- 5) отбасы мүшелерінің қызмет түрі жөнінде мәлімет (еңбек кітапшасының көшірмесі, жұмыс орнынан анықтама, еңбек шартын көшірмесі, уәкілетті органнан жұмыссыздығын растайтын анықтама, салық басқармасынан алынған жеке кәсіпкер ретінде тіркелгендігі немесе тіркелмегендігі туралы анықтама, оқу қызмет орнынан және басқалар);
- 6) тұрғын үйді күнделікті күтіп-ұстау мен коммуналдық қызметтерді тұтыну, байланыс қызметін көрсету бойынша шығындардың төлеу туралы мәліметтер (түбіртек, анықтама, хабарлау құжат, шарт);
- 7) кондоминимум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің түрлерін өткізудің шығындар сметасының негізінде, жергілікті уәкілетті органмен (тұрғын үй инспекциясы) келісе отырып, пәтер иелері мен жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) жалпы жиналыста бекіткен және кондоминимум объектісін басқару органының бастығының қолы мен мөрі қойылған, кондоминимум объектісін басқару органы ұсынатын кондоминимум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге нысаналы жарналардың және (немесе) ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот, жергілікті атқарушы орган ұсынған пәтерді жалдау ақысының мөлшері туралы шот;
- 8) отбасы мүшелерінің табысы жөнінде мәлімет (жұмыс, оқу қызмет орындарынан анықтама және басқалар);
- 9) Халыққа қызмет көрсету қалалық Орталығымен берген отбасының меншік

құқығындағы тұрғын уй-жайдың (пәтердің, үйдің) бірлігі саны туралы  
а қ п а р а т т ы қ а н ы қ т а м а ;

Құжаттың түпнұсқасымен және көшірмесі салыстырып тексеру үшін тапсырылады, одан соң түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

22. Түскен құжаттарды қарастыру нәтижесінде уәкілетті орган бланкілер үлгісі 2, 3, 4 қосымшалар бойынша толтырады және тұрғын үй көмек алушылардың жеке істері түзіледі. Ай сайын тұрғын үй көмегін тағайындау есебі жүргізіледі, ол өтініш берушінің өтініміне қарай беріледі.

23. Қажеттілігіне қарай уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар. Тексеру актісі тұрғын үй көмегін алушының жеке ісіне тіркеледі.

24. Тапсырылған мәліметтердің шындығына сенімсіздік туған жағдайда, тұрғын үй көмегін алуға үмтылған адам туралы қажетті ақпаратты уәкілетті орган сұраныс жасауға құқықты.

25. Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын үй көмегін алушының өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілген нормалар шегінде, кондоминиум объектісінің күнделікті күтіп-ұстау мен ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді пайдалануға және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне ақы төлеу мен тұрғын үйді жалға алу ақысы шығындарының төлеу сомасымен белгіленген отбасының аталған мақсаттарға шекті жол берілетін шығыстар үлесі сомасы арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

## **6. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде жиынтық табысты есептеу**

26. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) тұрғын үй көмегін тағайындайтын уәкілетті орган есептейді.

27. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй көмегіне өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы (бұдан әрі - есепті кезең) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.

28. Отбасының жиынтық табысына отбасы құрамында есептелген барлық тұлғалардың табыстары енгізіледі.

Есептеу кезеңінде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеуде, келесі тоқсанның бірінші айынан бастап келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы есепке алынады (есепке алынбайды).

29. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсанның аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген уақыттағы барлық табысы отбасының

жиынтық табысына есептеледі.

30. Бір тоқсанан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар бойынша берешектер) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық соммасы есептеледі.

31. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

32. Орташа айлық жиынтық табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын үш айға бөлу жолымен есептеледі.

33. Отбасының жиынтық табысын есептетегенде, есепті кезеңде алынған табыстың барлық түрлері есепке алынады:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
- 3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс;

- 4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;
- 5) өзге де табыс.

34. Отбасының жиынтық табысында есепке алынбайды:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй көмек;
- 3) он сегіз жасқа дейінгі балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы;
- 4) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
- 5) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 6) бюджеттік қаражат бойынша бір жолғы көрсететін, мерекелік және мерейтойлық күндерге орай, материалдық көмек;
- 7) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.

Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;

- 8) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алимент;

- 9) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу;

- 10) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;

- 11) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе



уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі жалақы. Маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Жалақы болмаған кезеңде ол жиынтық табысқа есептелмейді; сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақы; бала туғанда және жерлеуге берілетін жәрдемақылардан басқа, жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін басқа да төлем түрлері;

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда, әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының үстемеақылар мен қосымша ақылар ескерілген ақшалай үлесі; жұмыс беруші төлеген, өтелінген несиелер, кредиттер сомасы. Көрсетілген төлемдер кредитті, несиені өтеудің белгіленген мерзіміне бөліп таратылады;

2) әлеуметтік төлемдер, атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық түрлері, оларға өтемақы төлемдері;

мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар; арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар;

мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар;

мүгедек баланы тәрбиелейтін отбасыға берілетін мемлекеттік жәрдемақы;

қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін стипендия. Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде оқытудың күндізгі нысаны ақылы негізде шәкіртақы алмай оқитын студенттерге, студентпен ерікті мәлімделген табысы, жиынтық табыста ескеріледі.

жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар;

заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес берілетін, осы Ереженің 34 тармағының 11 тармақшасында көрсетілгендерден басқа, заттай

көмек түрлерінің құны, сондай-ақ осы көмектің орнына төленетін сома;  
осы бөлімде көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамалық  
кесімдерінде белгіленген, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелер  
мен басқа да ұйымдар белгілеген барлық төлем түрлеріне өзге де үстемеақылар  
мен қ о с ы м ш а а қ ы л а р .

36. Жиынтық табыстың құрамына қызметкер еңбек және қызметтік  
міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды  
өтеу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс беруші төлейтін бір жолғы төлемдер мен ай  
с а й ы н ғ ы с о м а қ о с ы л а д ы .

37. Еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс олардың мөлшері  
туралы анықтамалармен расталады.

38. Жиынтық табысты есептеу кезінде кәсіпкерліктен және басқа да қызмет  
түрлерінен түскен табыс есепке алынады:

1) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан;  
2) тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен  
;

3) шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі  
мен мүлік жарнасынан алынған.

Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына  
ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл  
шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі.  
Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі  
айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;

4) өзін-өзі жұмыспен қамтудан. Салық комитетінде тіркелген, өзін-өзі  
жұмыспен қамтыған адамдардың табысы, азаматтармен жазбаша өтініш және  
салық комитетінің анықтамасымен расталады.

39. Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың  
көшірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде  
р а с т а й д ы .

Жекелеген азаматтарда шарттар жасамай жұмыс істейтін адамдардың  
жиынтық табысы олардың өтініштері негізінде расталады. Бұл ретте жалақының  
заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада  
қ о с ы л а д ы .

40. Кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын  
адамдардың табысы бір жолғы талон, патент, оңайлатылған декларация негізінде  
р а с т а л а д ы .

Шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде алынған табысты қоса  
алғанда, ресми расталмаған табыс әрбір жұмыс істеушіге шаққанда ең төмен  
жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

41. Балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент жиынтық табыс құрамында есепке алынады.

Алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомасы жиынтық табысқа олардың алынған уақыты бойынша есепке алынады.

42. Ата-ананың арасындағы неке бұзылған кезде, ері (зайыбы) балаларға алимент төлеу жағдайында тұрғын үй көмегі тағайындалады. Алимент өндіруге қарсылық білдірілсе, отбасы жәрдемақы алу құқығынан айрылады.

43. Жиынтық табысқа алимент есепке алынбай есептеледі, егер төлеуші: жұмыс істемеген және уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген жағдайда;

бас еркінен айыру орындарында немесе уақытша қамау орнында болса (түзету мекемесінің алименттер аудармағаны туралы анықтамасын ұсынған жағдайда);

туберкулез, психоневрологиялық, онкологиялық диспансерлерде (стационарларда), емдеу-еңбек профилакторийінде емдеуде жүрген немесе есепте тұрған (анықтамасын ұсынған кезде);

Қазақстан Республикасымен тиісті келісімі жоқ мемлекеттерге тұрақты мекен-жайға орналасуға кеткен немесе іздеу салынған жағдайда (тиісті органдар растайтын құжаттармен қоса ұсынылған жазбаша өтініш негізінде есептелінеді);

наркологиялық диспансердің анықтамасымен немесе уәкілетті органның арнайы комиссияның қорытындысымен расталған, есірткі заттарын, спиртті ішімдіктерді құмарлықпен салынып пайдалануына байланысты балалары мен басқа да асырауындағыларды ұстаудан жалтарған жағдайда;

қамқорлыққа алғандығы рәсімделген балаларға алимент төлеуден бас тартқан (қамқорлыққа алғандағы туралы құжатты тапсырғанда).

44. Егер баланың анасы баланың әкесімен некеге тіркелмеген болса, онымен бірге тұрмаса және алимент өндіру туралы сот шешімі болмаса, жиынтық табысқа алимент есепке алынбай есептеледі.

45. Егер ата-анасының арасында неке бұзылмай жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса, осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы жиынтық табыста толық есепке алынады. Жұбайлар бөлек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады.

46. Балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не почта аударымдарының алынған алимент туралы түбіртегімен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады. Алимент бойынша үш айдан астам кезең үшін берешек пайда болғанда сот орындаушысының алимент бойынша берешекті айқындау





деректері негізінде рәсімдейді.

54. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыс е с е п к е а л ы н а д ы :

1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден және сатудан ;

2) бағалы қағаздардан (дивидендтер);

3) шетелдік валютаны өткізуден;

4) асыл тастар мен қымбат бағалы металлдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металлдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариат сатудан;

5) авторлық сыйақы түріндегі;

6) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;

7) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;

8) қайтарымсыз алынған ақша;

9) ақша салымдары және депозиттер бойынша сыйақы (мүдде) түрінде;

10) ақшалай аударымдар;

11) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар , салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;

12) туыскандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімделген табыс.

Көрсетілген табыс алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша ө т і н і ш п е н р а с т а л а д ы .

55. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған, ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде е с е п к е а л ы н а д ы .

56. Алынған несиелердің (шағын несиелердің) сомасы жиынтық табыста е с е п к е а л ы н б а й д ы .

57. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс оның алынған күннен бастап бірге жалпы жиынтық табысқа қосылады.

Басқа тұрғын үй (көлік құралын) сатып алған жағдайда, жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған тұрғын үй (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

Балқаш қаласы және әкімшілік - аумақтық іргелес кенттердің



Балқаш қаласы және әкімшілік  
- аумақтық іргелес кенттердің  
тұрғындарына тұрғын үй көмегін  
көрсету Ережісіне  
2 қосымша

**Отбасы құрамы мен тұрғын үй алаңының жалпы ауданы туралы анықтама**

Азамат (ша) \_\_\_\_\_  
оның: \_\_\_\_\_ көшесі (шағынаудан) \_\_\_\_\_ үй \_\_\_\_\_ пәтер \_\_\_\_\_  
мекенжайы бойынша тұратындығын растау үшін берілді.

Отбасы құрамы \_\_\_\_\_ адам.  
Тұратын алаңы \_\_\_\_\_ шаршы метр.  
Пәтерге (үйге) құқығын белгілейтін құжат N \_\_\_\_\_

Тұрғын үй иесімен бірге келесі адамдар тұрады:

Т.А.Ә.	Туған жылы	Туыстығы	Қай уақыттан бері тұрады

Анықтама азаматтарды тіркеу кітабының негізінде толтырылды

Маманның қолы \_\_\_\_\_

Қабылдау мерзімі \_\_\_\_\_

Балқаш қаласы және әкімшілік  
- аумақтық іргелес кенттердің  
тұрғындарына тұрғын үй көмегін  
көрсету Ережісіне  
3 қосымша

**Өтініш берушінің отбасы мүшелерінің 20\_\_жылғы \_\_\_\_\_тоқсанда алған табысы туралы МӘЛІМЕТТЕР**

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

P/c N	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Құжаттамалық расталған табыс сомалары		Өзге де мәлімделген табыс	
		табыстың түрі	сомасы, теңге	табыстың түрі	сомасы, теңге

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Маманның қолы \_\_\_\_\_

Қабылдау мерзімі \_\_\_\_\_

Балқаш қаласы және әкімшілік  
- аумақтық іргелес кенттердің  
тұрғындарына тұрғын үй көмегін  
көрсету Ережісіне

4 қосымша

**20 жылғы \_\_\_\_\_ бойынша кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күнделікті күтіп-ұстау мен күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді және қатты отынды тұтынуға, байланыс қызметтеріне ақы төлеуге, жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына жумсалатын шығындары туралы МӘЛІМЕТТЕР**

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

(үйінің мекен-жайы)

Жалпы ауданы \_\_\_\_\_ шаршы метр

Бөлме саны \_\_\_\_\_ Әлеуметтік нормасы \_\_\_\_\_ шаршы метр

Үйдің жалпы сипаттамасы \_\_\_\_\_

(газ, электр плитасы)

Төлем түрлері	Тариф (теңге)	Есептелінген (теңг

1	Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күнделікті күтіп-ұстау шығындары (ПИК, ПИТК)		
	Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге нысаналы жарна		
	Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналар		
2	Жылыту жүйесі (орталықтандырылған, қатты отын)		
3	Суық су		
4	Кәріз		
5	Ыстық су		
6	Қоқыс шығару		
7	Электр энергиясымен қамтамасыз ету		
8	Газ		
9	Телефон		
10	Тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысы		
	ЖИЫНЫ:		

20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ Маманның қолы \_\_\_\_\_

Балқаш қаласы және әкімшілік  
- аумақтық іргелес кенттердің  
тұрғындарына тұрғын үй көмегін  
көрсету Ережісіне  
5 қосымша

## Жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы

### Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, килограмм	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 килограмм өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2 баған x 4 бағанға)	1 сотка жерден т табыс (+), шығы теңге (5 баған - 3 )
1	2	3	4	5	6
Бидай					
Арпа					
Қарамық					
Жүгері (жасыл салмағы)					
Көп жылдық шөптер					
Бір жылдық шөптер					

Картоп					
Көкөністер					
Бақшалар					
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)					
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, қара өрік және басқалары)					
Жидек дақылдары					
Жүзім					

### Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алынатын орташа өнімділік, килограмм (литр)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 килограмм өнімнің, (1 литр, 10 дана жұмыртқаның) орташа құны, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің құны, теңге (2 баған x 4 бағанға)	1 бастан түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5 баған - 3 баған)
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі қара мал (сүт)					
Етті ірі қара мал (сиыр еті)					
Шошқалар (шошқа еті)					
Қойлар, ешкілер (ет/жүн)					
Жылқы (жылқы еті)					
Түйе (түйе еті)					
Жұмыртқалайтын құс (жұмыртқа)					
Етті құс (құс еті)					

Балқаш қаласы және әкімшілік-аумақтық іргелес кенттердің тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету үшін Ережісіне б қосымша

### Азық-түліктік пайдаланылатын үй малдары мен құстарының жасы

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен мал төлінің және құстардың жасы

Ірі қара мал	Ай	25
Қойлар мен ешкілер	Ай	12
Шошқалар	Ай	10
Жылқылар	Ай	16
Түйелер	Ай	18
Жұмыртқалайтын құс	Күн	195
Етті құс	Күн	125

Балқаш қаласы және әкімшілік-аумақтық іргелес кенттердің тұрғындарына үй тұрғын үй көмегін көрсету Ережісіне  
7 қосымша

### Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің үлгі жеке нормативтік карточкасы

Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Үйінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	жер, сотка, мал басы, саны	жылына түсетін табыс нормативі, теңге	жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бактары				
Сүйекті жеміс бактары				
Жемістер				
Жүзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				



Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Жиыны: бір жылғы табыс				
Жиыны: бір тоқсандағы табыс				

20\_\_ ж.

"\_\_"

(өтініш берушінің қолы)

(есепті жасаған адамның Т.А.Ә. және қолы)